www.aigak.kz

RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET

# АЙҒАҚ

MEDIA

Gazet Qazaqstan Jýrnalistika Akademiasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalister odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaǵy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri

Instagram Youtube Facebook Telegram

№31 /sа́rsenbi/ 02 tamyz 2023ж.

## ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНДА 6 МЕКТЕП ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ

Түркістан облысында 2023 жылы 33 мектептің құрылысын жүргізуге түрлі қаржыландыру көздерінен 23,6 млрд. теңге қаржы қаралды. Биыл 20 мектепті пайдалануға беру жоспарлануда. Оның ішінде 6 мектепті 1 қыркүйекте ел игілігіне ұсыну көзделіп отыр. Аталған мәселе облыс әкімі аппаратының апталық отырысында талқыланды. Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды құрылыс жұмыстарын қатаң бақылауға алып, уақтылы аяқталуын қадағалауды тапсырды. Сонымен бірге мектептердегі күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарын 1 қыркүйекке дейін толық аяқтау керектігін ескертті.

— Мектептер өз уақытында салынып, ел игілігіне берілуі тиіс. Құрылыс жоспары, мерзімі бойынша қателікке жол беруге болмайды. Қазір бюджетте қаражат тапшы екенін білесіздер. Әрбір тиынды тиімді жұмсап, міндетті сапалы атқарған жөн. Құрылысы кешеуілдеп жатқан кейбір білім ұяларына жауапты мердігерлерге қатаң ескертіңіздер. Жұмыс жоспардағыдай жүрмейтін болса, жауапты басқарма мен өзге де мекеме басшыларының жауапкершілігін де қараймыз. Ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстары 1 қыркүйекке дейін толық аяқталуы қажет. Құрылыс баяу жүріп жатқан нысандарда іс барысын бақылап, жұмысты жандандырыңыздар, — деді Дархан Сатыбалды.

Түркістан облыстық құрылыс басқармасының басшысы Тоқтар Усубалиевтің айтуынша, Сарыағаш ауданында 300 орындық, Сайрам ауданында 300 орындық, Түлкібас ауданындағы 150 орындық, Арыс қаласындағы 200 орындық мектептердің құрылысы өндірістік кестеге сәйкес жүргізілуде, 1 қыркүйекте тапсырылады. Келес ауданындағы Абай атындағы №46 мектепке қосымша 300 орындық ғимарат салу жұмысы да қатаң бақылауда. Сонымен бірге Түркістан қаласында 500 орындық жатақханасы бар 700 орынға арналған мектеп-интернат та жаңа оқу жылында ашылады деп күтілуде. Басқарма тарапынан өз міндеттерін дұрыс атқармай отырған мердігерлерге заң аясында шаралар қабылданып, айыппұлдар салынған. ңір басшысы мектеп құрылысына немқұрайлы қараған кейбір мердігерлермен келісімшартты үзуді тапсырды.

Жиында Түркістан облыстық білім басқармасының басшысы Дінислам Болатханұлы өңірдегі мектептерге ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу барысы туралы баяндады. ңірде Түркістан білім басқармасына қарасты 1275 білім беру мекемесі жұмыс істейді. 2021 жылы — 13 мектеп, 2022 жылы 16 мектепке күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген. 2023 жылға 20 білім ұясына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге бюджеттен қаржы қаралды. Қазір 4 мектептің күрделі жөндеу жұмыстары толық аяқталып, пайдалануға берілген. 11 мектеп қыркүйек айына дейін дайын болады. 5 мектептің қаржысы мен жөндеу жұмыстары 2024 жылға өтпелі.

**Жомарт БЕГІМБЕТ.**

## СПОРТ САЙЫПҚЫРАНДАРЫ УНИВЕРСИАДАДА ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ




Шымкенттік спортшылар универсиада тұғырының биігіне көтерілді. Елжана Таниева көркем гимнастика мен доптан, Никита Шахторин нысана көздеуден Ұлттық құрамада (командалық), Никита Чирюкин тапанша атудан, Диана Тұрсынбек садақ атудан 2 -орын иемденді.

Сондай-ақ, Елжана Таниева көркем гимнастикадан,Никита Шахторин нысана көздеуден Ұлттық құрама командадан 3-орынды иеленді.

Қазір Қазақстан құрамасы жалпы есепте 10-орынға көтерілді. Еншімізде 1 алтын, 5 күміс, 5 қола бар.

Сондай-ақ, өткен аптада 24-30 шілде аралығында “Shymkent Shooting Plaza” ату кешенінде стенд атудан Қазақстан Республикасының VI жазғы спартакиадасы өтті. Шымкент қаласының спортшылары жалпы есепте 16 жүлде алып, бірінші орын иеленді.

Жарысқа еліміздің 6 өңірінен: Астана, Алматы, Шымкент қалаларынан, Алматы, Қызылорда және Павлодар облыстарынан 100-ден астам спортшы қатысты.

Спортшылар 8 жаттығу бойынша бақ сынады:

4 жаттығу жеке сынақ-дөңгелек стенд, траншеялы стенд, спортинг және дубль-трап;

2 жаттығу командалық сынақ-траншеялық стенд, дөңгелек стенд;

2 аралас жаттығулар - “скит/микс”, “трап/микс”.

Спартакиадада спортшылар ерлер мен әйелдер санаттарында жарысты.

Барлығы 24 медаль жиынтығы ойнатылды.

**Арайлым ӘБСАҒАТ.**

## ШЫМКЕНТ – БИЗНЕСКЕ ҚОЛАЙЛЫ ҚАЛА

Шымкент қаласының республикалық маңызы бар қалалар санатына қосылғалы бұл тарихи шешім қаланың болашағы үшін үлкен мүмкіндіктерге жол ашты.

Бұл сөзімізге былтырғы «Алтын сапа» сыйлығы аясындағы «Бизнес жүргізуге қолайлы жағдай жасаған үздік өңір» санаты бойынша арнайы сыйлықты Шымкент қаласының әкімдігіне Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өз қолымен тапсыруы дәлел бола алады.



Соңғы бес жылда өнеркәсіп өнімінің көлемі 492 млрд теңгеден 937 млрд теңгеге жетті. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 58 мыңнан 110 мыңға дейін өсті. Қала бюджеті 5 жылда 4 есе көбейіп, 146 миллиардтан 642 миллиард теңгеге жетті. Мұның бәрі де кәсіпкерлікті жеткілікті түрде қолдаудың нәтижесі дер едік.

Шымкент қаласының мегаполис деген статусқа ие болуы инвесторларға, бизнес өкілдеріне, әсіресе, жас кәсіпкерлерге, жалпы, барлық азаматтарға тың мүмкіндіктер ұсынды. Экономика жылдан-жылға дамып, инвестициялық ахуал біртебірте жақсарып келеді. Жергілікті билік бизнестің алдындағы кедергілерді жою және инфрақұрылымды дамыту бойынша барынша нәтижелі жұмыс атқаруда.

Қалада өндіріс алаңдарына қажеттіліктің артуына байланысты жаңадан жалпы аумағы 867 гектарды құрайтын 5 өндіріс аймағын құру жұмыстары жүргізілуде.

Ал өнеркәсіп саласын алып қарайтын болсақ, жыл сайын қаншама заманауи, инновациялық өнім шығаратын кәсіпорындар, зауыт-фабрикалар ашылып жатыр. Соның бірі — біздің компаниямыздың қаржыландыруымен ашылғалы отырған «Стандарт» жеке индустриалды аймағы. Шымкент қаласындағы бұрынғы қорғасын зауытының орнында біз ауқымды жобаны қолға алып отырмыз. Ол негізгі екі бағыттан тұрады: біріншісі, осы аймақта жинақталып қалған 4,5 миллион тоннадай өндірістік қалдықтарды қайта өңдеу арқылы мыс, күміс концентратын және мырыш оксидін өндіретін зауыт салдық. Бұған дейін қаланың экологиясына, тұрғындардың денсаулығына зиянын келтіріп жатқан өндірістік қалдықтарды өңдеп, кәдеге жаратып жатырмыз. Жобаның екінші бағыты — «Стандарт» жеке индустриалды аймағын құру. Яғни, біздің компания бұрынғы қорғасын зауытының аумағын тазалап, инвестор ретінде өз қаражатымыздың есебінен барлық инфрақұрылым желілерін жүргіздік. Енді бұл аумаққа заманауи талапқа сәйкес келетін өндірістік ғимараттар, ангарлар салатын боламыз.

Шағын зауыт немесе цех ашу үшін кәсіпкер мемлекеттен жер алуы керек. Одан кейін ол жер теліміне электр қуатын, жол, су, газ бен кәріз жүйелерін жеткізу деген де өте ауқымды жұмыс. Әрі мұның барлығын техникалық талаптарға сәйкес-тендіріп, тиісті органдардан рұқсат алуға тура келеді. Оған қоса, өрт қауіпсіздігі ережелеріне сәйкестігін растау керек болады. Ал біздің индустриалды аймаққа келіп, дайын өндірістік ғимаратты жалға алған кәсіпкер осы кедергілер мен әуре-шіліктен құтылады. ндірістік құрылғыларын орнатып, жұмысын дереу бастап кетуіне болады.

Алғашқы кезеңде 27 мың шаршы метрлік ангарлар биыл салынып бітеді. Әрі қарай тағы да ғимараттар салып, аймақты кеңейте беретін боламыз. Болашақта бұл аймақта шамамен 100 шағын және орта кәсіпорын жұмыс істейді деген болжа-мымыз бар.

Жалға алу тарифтерін Шымкент қаласының әкімдігімен келісе отырып белгілейміз. Бұл жердегі ең үлкен жеңілдік — бизнесмендер Шымкентте ғана жұмыс істейтін «Іскер қала» атты бірегей өңірлік бағдарлама арқылы мемлекеттен көмек алуына болады. Атап айтқанда, алғашқы өндірістік ғимаратты жалға алу ақысының 75 пайызы, екінші жылы 50 пайызы және үшінші жылы 25 пайызы субсидияланады. Осы үш жылдың ішінде бизнес өкілдері аяғынан тұрып, ары қарай өз қамын өзі істей алатын жағдайға жетуі тиіс.

Шымкент қаласында тек қана өнеркәсіп саласы ғана емес, құрылыс та ерекше қарқынмен дамып келе жатыр. Соның айғағы ретінде 5 жылдың ішінде 3 миллион 700 мың шаршы метр тұрғын үйдің салынуын айта аламыз. Қазір әр жыл сайын 1 миллион шаршы метрден астам үй салынып жатыр. Бұл тек халықты баспанамен қамтамасыз ету мәселесін шешіп қана қоймайды. ткен жылы қала экономикасына 550 миллиард теңге инвестиция салынған болса, соның 200 миллиардтан астам тұрғын үй құрылысына бағытталыпты. Яғни, құрылыс саласы Шымкент экономикасының негізгі қозғаушы күшіне айналып отыр десек қателеспейміз.

Бүгінде мемлекет өнеркәсіпті дамыту, шағын және орта бизнесті қолдауға баса назар аударып отыр. Шымкент қаласындағы «Іскер қала» өңірлік бағдарламасындағы қолдау тетіктері кәсіпкерлер үшін тиімді.

Бір ауыз сөзбен айтқанда, Шымкенттің мегаполис статусына ие болуы оның қарқынды дамуына және инвестициялық тартымдылығының артуына жол ашты. Еліміздің үшінші мегаполисінде еңбек етемін, бизнес жүргіземін, алға басып, табысты боламын деген азаматтарға барлық мүмкіндік бар.

**Серікжан СЕЙІТЖАНОВ,**
*«Саутс-Ойл» компаниясының президенті.*

«Айқын» газеті. 27/07/2023

# ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ДАҒДАРЫС КЕЗІНДЕ ОРМАНДАРДЫ САҚТАУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Экологиялық дагдарыс — қогам мен табигат арасындагы қатынастарда қарамақайшылықтың күрт шиеленісуі. Қоршаган ортаны қоргау және дамыту жөніндегі халықаралық конференциясы (стокгольм, 1972, Рио-Де-Женайро, 1992) Экологиялық дагдарысты қазіргі заманның галами мәселелерінің бірі деп ресми түрде таныган. Экологиялық дагдарыс XX гасырдың 2-жартысынан бастап күшейе түскен. Шектен тыс антропогендік ықпалдың салдарынан жаратылыста табиги үдерістердің бұзылуынан (гылыми-технология революцияның болжап білуге болмайтын зардаптары, энергияны тұтынудың көбейе түсуі, қазба отынды жагу, демографиялық дүмпу, қарулы қақтыгыстар) пайда болды.

Экологиялық дагдарыстан экологиялық апатты ажырата білу керек: дагдарыс адамның белсенді әрекетінен болатын қайтымды күй, апат — қайтымсыз құбылыс, адам мәжбүрлі түрде енжар, зардап шегуші тарап (мысалы, ұзаққа созылган қуаңшылық, малдың жаппай қырылуы). Қоршаган ортаның ластануы адамның, әсіресе өндірістің әсері нәтижесінде түрлі нысандарда көрініс табады. Олар: контоматация (ортаның инертті материалдарга қанығуы), уыттану (хим. активті субстанциялармен қанығу, радиациямен ластану, ұзақ жасайтын радионуклидтермен ластану), электро-магниттік детериорация, деструкция (табиги құрылымдардың бұзылуы), пейоризация (ландшафт әсемдігінің бұзылуы), т.б. Бұл нысандар көбінесе кешенді түрде әрекет етіп, табиги үдерістерді қатерлі түрде бұзады, сөйтіп, сайып келгенде, биосфераның түгел азып, өркениеттің опат болуына апарып соқтырады. Қазіргі жагдайда галами қауіпті үш үрдіс байқалып отыр. Олар: атмосфера құрамының өзгеруі; осының салдарынан "парникті әсердің" күшеюі және климаттың жыли бастауы, мұның өзі мұздың еріп, мұхит деңгейінің апатты түрде көтерілуіне апарып соқтыруы мүмкін; жер төңірегінің гарыштық аппараттардың қалдықтарымен ластануы. Бұдан басқа қосалқы галами ауқымдагы төрт үрдіс те қатерлі. Олар: әлемдік мұхиттың мұнай қабыршагымен ластануы, мұның өзі гидросфера мен атмосфера арасындагы энергия алмасу мен масса алмасуды бұзады; жануарлар дүниесі мен өсімдіктер дүниесінің түрлі құрамының және олардың зәузаттық қорының қысқаруы; Жер бетіндегі тіршілікті Күннің қатал ультракүлгін сәулесінен қоргайтын озон қабаттың қысқаруы; оттектің басты "фабрикасы" ормандышабу, кесу (дамушы трофикалық елдерде) салдарынан да, қышқыл қалдықтарынан зақымдануы салдарынан да оның азыптозуы. Кейбір аймақтарда Экологиялық дагдарыс экология қасірет деңгейіне жетті (Аралөңірі, Семей полигоны аймагы, Чернобыль, Гималай аймагы, Амазония, көптеген индустриялық агломерациялар). Қазіргі кезде Экологиялық дагдарыстың жай-күйі ұгынылды, тиісті гылыми орталықтар, әлемдік ауқымдагы институттық, ұлттық деңгейдегі органдар — министрліктер дәрежесіндегі органдар құрылды. Тиімді экология саясаттың гылыми негіздері тұжырымдалды, Экологиялық дагдарысты шиеленістіретін бірқатар әрекеттерге жол бермеу (қазба отынды тұтыну көлемін қысқарту, энергияның экология қауіпсіз көздерін пайдалануга көшу, озон қабатын бұзатын заттардың шыгарылуын қысқарту, кит тәрізді жануарлар мен басқа да жануарлардың түрлерін аулау кәсіпшілігіне тыйым салу, т.б.) жөніндегі халықаралық уагдаластыққа қол жеткізілді. Табигатты қоргау жолындагы, қауіпті технологияларга қарсы халықаралық қогамдық қозгалыстар кең ауқымды сипат алды. Экологиялық дагдарысты еңсеру шараларының жүйесіне елеулі нышан ретінде халыққа экология тәрбие беру енгізілді.

### Экологиялық дагдарыс себептері

Ғаламдық экологиялық дагдарысқа адамның өлшемсіз шаруашылық әрекеті де әкеледі. Антропогенді шөлдердің аумагы құрлықтың 8 пайызына жетеді,қалалар мен өндірістік белдемдер 2 пайыздан астам жерді алады. Аэрогарыштық мәліметтер бойынша жыл сайын әлемде 7-ден 20 млн-га дейін ормандар кесіледі. Жер атмосферасына О2 негізгі жеткізушітропикалық орман 50 пайызга, қоңыржай белдеудің ормандары 40 пайызга кесілген. Ормандарды кесу топырақ эрозиясын, атмосфераның ластануын күрт күшейтеді, галамдық су айналымын СО2 мен О2 бұзады.

Адамның антропогенді әрекеттілігінен шыгып жатқан ортаны сарқу, ластау және бүлдірудің себептерінің ішінен обьективтіжәне субьективті себептерге бөлуге болады. Объективті себептерге мыналар жатады:

Біріншіден, бұл жер табигатының өздігінен тазалануга және өздігінен реттелуге деген шекті мүмкіндіктері. Белгілі бір уақытқа дейін жер табигаты адамзат өндірісінің құлдырауынан қайта өңдеп, тазалап сонымен өзін оларды зиянкесті әсерінен қоргайды.

Екіншіден, бұл жер территориясын бір галамшар аясында физикалық шектеулігі. Осының салдарынан пайда қазбаларының-адам пайдаланатын тас көмірдің, мұнайдың және т.б қорлары біртіндеп жұмсалып, одан кейін мүлде түгеседі.

Үшіншіден, бұл табигаттагы өндірістің қалдықсыздыгы және адамзат өндірісінің қалдықтыгы

Төртіншіден, бұл адамның табигаттың заңдылықтарын табигатты пайдалану мен тәжірбие жинақтау үрдісінде тану және пайдалану. Субьективті себептерге жатады:

Біріншіден, мемлекеттің қоршаган ортаны қоргауга қатысты ұйымдастырушылық-құқықтық ұйымдастырушылық әрекеттің жетіспеушілігі.

Екіншіден, Экологиялық тәрбиелеу мен білім берудің олқылықтары.

**Ч.ШУМЕНОВ,**
*"Сайрам - гем" МҰТП-нің Бас дирекорының міндетін атқарушы.*

# 6 ЕЛДІ МЕКЕН ЖАҢА КЕЙІПКЕ ЕНЕДІ



2023-2024 жылдары аралыгында Түркістан облысының 6 елді мекенінің Бас жоспары бекітіледі. Олар Қазыгұрт, Сарыагаш және Сауран аудандарында орналасқан. Осы мақсатта облыс әкімі Дархан Сатыбалдының тапсырмасымен арнайы зерделеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Оның барысы бүгін облыс әкімінің төрагалыгымен өткен мәжіліс отырысында талқыланды.

Түркістан облысында 833 елді мекен бар. Қазіргі таңда 798 елді мекен Бас жоспармен қамтылган. Сонымен қатар облыста халық саны 50 адамга жетпейтін 29 елді мекен бар.

— Қай ауданда қандай проблемалар бар, осыны анықтау маңызды. Елді мекендердің Бас жоспарына сол ақпараттарды толық енгізу қажет. Бұл өте маңызды. Елді мекендерді дамыту барысында осы мәліметтерге сүйену керек. Қандай жоба қолга алынса да, Бас жоспарга багынуы тиіс, — деді облыс әкімі.

Талдау жұмыстары барысында кей аудандарда сызбалардың нормативке сәйкес келмеуі, топотүсірілімдер мен инженерлік желілердің болмауы секілді бірқатар кемшіліктер анықталды. Бұл багыттагы жұмыстар жалгасады. Құжат Облыстық сәулет және қала құрылысы басқармасымен келісілуі тиіс.

**Түркістан.**

# МИРАС, ШАПАҒАТ-2 ШАҒЫНАУДАНДАРЫНА КӘРІЗ ЖҮЙЕСІ ТАРТЫЛУДА



Шымкентте елді мекендерге канализациялық желілерді тарту жұмыстары кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Қазір Мирас, Шапагат-2 шагынаудандарында кәріз жүйелерінің құрылысы жалгасуда. Бүгін қала әкімі М.Әйтенов жауаптылармен бірге елдімекендерге барып, осы багыттагы құрылыс қарқынын қадагалады. Аталган елдімекендерге канализациялық желілерді жүргізу бойынша жобалау-сметалық құжаттама әзірленіп, 2020 жылы сараптамалық қорытынды алынган болатын.

Құрылысқа 30 адам, 7 арнайы техника жұмылдырылуда. ндірістік кестеге сай құрылыс жұмыстары жылдың соңына дейін аяқталатын болады. Мирас-Шапагат-2 нысанында жоспар бойынша жалпы ұзындыгы 50,4 шақырым құбыр жүргізіледі. Осыган дейін жұмыстардың 85% аяқталган.

М.Дүйсенбекұлы жауаптыларга құрылыс сапасын назарга алып, абоненттерді орталықтандырылган желіге қосуды жүйелі ұйымдастыруды тапсырды.

Биыл Тассай, Тұран, Қайтпас-2, 112- орам, Бозарық шагынаудандарында құрылыс жұмыстары аяқталып, 60 мыңга жуық абонент кәріз жүйесіне қосылуга мүмкіндік алады. Нәтижесінде қалада кәрізбен қамту көрсеткіші 60 % - дан 65 % - га артатын болады.

**Шымкент.**


# ХАБАРЛАНДЫРУ

1-ші сәуірден бастап «SMART» жалпы орта білім беретін мектебі жаңа 2023-2024 оқу жылына 1-ші сыныпқа оқушылар қабылдайды (қазақ, орыс тілінде оқыту).

Сыныпта 14-16 оқушыдан.

**Байланыс телефондары:**
**87079694427, 87759005891, 87789798910, 87017373778 87071110959**

# ОБЪЯВЛЕНИЕ

С 1-го апреля на новый 2023-2024 учебный год общеобразовательная школа «SMART» объявляет набор учащихся в 1-ый класс (с казахским, русским языком обучения). Наполняемость в классе 14-16 учащихся.

**Обращаться по телефону:**
**87079694427, 87759005891, 87789798910, 87017373778 87071110959**






# ҰЯЛЫ ТЕЛФОНЫҢЫЗҒА КЕЛЕТІН ХАБАРЛАМАНЫҢ ИЕСІ КІМ ЕКЕНІН БІЛЕСІЗ БЕ?

Бүгінде ұялы телефонымызға 112 шұғыл желісінен ауа райы туралы ескертпелер келетін болса, дереу табиғаттың тосын мінезіне өзімізді іштей және сырттай дайындаймыз. Дегенмен, осы бір хабарламаларды кім жіберіп, оны қалай болжап отырғандығы туралы ой көпшілігімізді толғандыра бермейді. Олай болса, басылымның осы санында бізге аптап ыстықта, қытымыр аязда, алай-дүлей дауылда тағы басқа табиғи құбылыстар туралы ескерту хабарламаларын жіберіп отыратын «Қазгидромет» РМК Түркістан облысы бойынша филиалының жұмысын баяндаймыз. Мекеменің тыныс тіршілігімен тілшіміз арнайы барып танысып қайтқан болатын.







Аталмыш мекемені 2007 жылдан бастап осы саланың жілігін шағып, майын ішкен кәнігі маман Маханбет Палыбекұлы Жазыхбаев басқарады.

Түркістан облысындағы алғашқы метеорологиялық бақылаулардың қысқаша тарихына тоқталар болсақ, ең алғашқы метеостанция Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында 1882 жылы Түркістан қаласында ашылды.

1996 жылы экономикалық қиындықтарға және ААМС жаңа орынға көшірілуіне байланысты Түркістан метеостанциясы жабылды. Станция қайтадан 1999 жылы «Яссы» мақта зауыты аумағында ашылған. Түркістан қаласы Бекзат шағын ауданы мекенжайы бойынша жаңа орынға ауыстыру 2010 жылы жүзеге асырылды және осы уақытқа дейін әрекет етеді.

Алғаш ашылған метеостанциялар қатарына — 1906 жылы ашылған Тасарық метеостанциясын да жатқызуға болады.

-Қазір облысымыздағы барлық аудандарда 14 метеорологиялық станция бар. Ол әр ауданды қамтып отыр. Соның ішінде 6 автоматтандырылған станция, 21 өзенде, 31 гидробекетпен және 5 агро метеорология бекеттермен қамтамасыз етілген. Соынмен қатар, Шымкент қаласы тауға жақын аймақ болып есептелінгендіктен қыс мезгілінде 3 қар өлшеу құралы толық гидрометеорологиялық мониторинг жасап отыр. Олар қардың түсімі, тығыздығы, құрамындағы су мөлшерін анықтайды. Есептеп алынған нәтижені гидролог мамандар алдағы уақытта Арыс өзенінің бассейнінде сәуірден қазанға дейін өзен суының қорының қанша болатынына қысқаша болжамды алып, ауылшаруашылық басқармасы шаруаларға береді.

2021 жылдың 1 шілдесіне дейін ақпараттар ақылы негізде ұсынылған, ал 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап барлық ақпараттар тегін түрде таратылады. Бүгінде қалада 4 қолданбалы бекет, 4 автоматтандырылған станция және 4 шағын экологиялық бекеттер орнатылған. Осы қызметтерді атқару барысында облыс, қала көлемінде жалпылама гидрометеорологиялық және экологиялық мониторинг жасау қазгидрометтің басты мақсаты болып табылады. 14 метеорологиялық станцияның ішіндегі 5 метеорологиялық станция халықаралық қатынастар станциясы болып есептеледі. 198 елдің ішінде Қазгидромет дүниежүзілік метеорологиялық ұйымның мүшесі болып табылады. Сондықтан станциялар әр 3 сағат сайын, тәулігіне 8 рет бақылау жүргізу арқылы 5 станция жер шарына ауа райын құрастыру үшін әр 3 сағаттағы мәліметті қазгидромет арқылы Вашингтондағы климат орталыққа жеткізіп отырады,- дейді мекеме басшысы.

Еліміз бойынша «Қазгидромет» РМК — Қазақстан Республикасы аумағында табиғаттың қауіпті және дүлей құбылыстары туралы дауылды ескертулермен кез-келген ұйымдарға ресми ақпараттық қызмет көрсетуге құқығы бар жалғыз заңды жауапты орган.

Кәсіпорын қызметінің мәні — мемлекеттік бақылау желісін пайдалана отырып, қоршаған ортаның жай-күйіне мониторинг, метеорологиялық және гидрологиялық мониторинг жүргізу болып табылады.

Мекеме басшысы: ауаның температурасы, ылғалдылығы, желдің жылдамдығы, бағыты, атмосфералық қысым, барлық атмосфералық құбылыстарды, бұл деген сөз жер шарына жалпылама болжам жасау үшін қажет,-дейді.

14 метеорологиялық станцияның ішіндегі 2 станция қатынасы қиын болып табылатындығын айтады. Оның айтуынша, «Қазгидромет» РМК Түркістан облысы бойынша филиалының желісінде екі жетуі қиын станциялар жұмыс істейді: олар Шуылдақ және Қызылқұм метеостанциясы. Шуылдақ биік таулы метеостанциясы Батыс Тянь-Шань тауларында орналасқан, оның биіктігі теңіз деңгейінен 1947 м. Қызылқұм шөлді метеостанциясы, Қызылқұм шөлінің солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. Дегенмен, бұл 2 станцияны да толығымен отын, су, жарық болмағандықтан генератормен қамтамасыз етілген. Екі станцияда 10 қызметкер жұмыс жасайды және де барлық станциялар отынменен, қыстық көмірмен қамтамасыз етілген. Қазір облыстарда газификацияның жақсы жүруіне байланысты алдағы уақытта газға қосады деген болжам бар екен.

Түркістан облысында физикалық-географиялық жағдайлардың үлкен айырмашылықтары ауыл шаруашылығы жұмыстарын жүргізуге және өндіріске әсер ететін агроклиматтық жағдайлардың әртүрлілігі себебінен болып табылады. Облыс аумағында көптеген түрлі дақылдар өседі: күздік және жаздық дәнді дақылдар, жүгері, күріш, мақта, көпжылдық шөптер, жеміс, көкөніс, бақша және жайылымдық өсімдіктер.

Аймақта агрометеорологиялық бақылауды алғаш рет 1935 жылдан бастап Тұрар Рысқұлов МС (бұрынғы Түлкібас МС), 1936 жылдан бастап Шымкент МС (Чимкент МС) және Тасарық МС (Блинково МС), 1940 жылдан бастап Қазығұрт МС (Ленинское) басқа метеостанцияларда 1942-1952 жылдары жүргізе бастаған.

Бүгінгі күні «Қазгидромет» РМК Түркістан облысы бойынша филиалында агрометеорологиялық мониторингті 7 метеостанция және 5 агрометпост (барлығы 12 пункт), оның ішінде топырақтың ылғал қорын анықтаумен 6 МС және 5 АМП жүргізеді. Бақылау он күн сайын қадағаланатын дақылдары бар алқаптарда, өсімдіктердің барлық вегетациясы кезінде жүргізіледі.

-Жалпы метеорологиялық станциялар 12 ай, тәулігінде 8 рет жұмыс жасайды. Бұл жұмыстарды алу арқылы Батыс-Шығыс, Оңтүстік-Солтүстік өңірлердегі атмосфераның құрамындағы болып жатқан мәліметтерді әр 3 сағат сайын алып, спутник жер серігінен келіп жатқан синхромды түрде болжам жасайды. Мысалы, қазір келіп жатқан ыстық ауа Түркменстан аумағынан келіп жатқан жылы ауаның ағыны. Синоптик мамандар айтқандай алдағы 1 тәуліктен 3 тәулікке дейінгі апталық болжамды құрастырады. 10 күндік 1 айлық болжамдарды орталық аппараттағы гидроцентр мекемесі құрастырып, оны консультативті түрде Қазгидрометке береді. Қазгидромет оны халыққа, әкімшіліктерге консультативті түрде беріп, арасында өздерінің апталық, үш күндік болжамдарымен салыстырып отырады.

Қазіргі таңда Қазгидромет модернизация бағдарламасы бойынша жұмыс жасап жатыр. Ол ауаның ылғалдылығын, температурасын, желдің жылдамдығын, бағытын білуге мүмкіндік береді.

зенге ойыссақ. Қазіргі таңда 21 өзенде 31 гидробекет бар. Бақылаушылар таңертең сағат 8-де судың, ауаның деңгейін бақылайды да су деңгейі күрт көтеріліп немесе түскен жағдайда суды өтінім құрылғыменен, яғни, зырылдақпен судың өтімін өлшейді. Биыл ақпан айының басында Түркістан облысы аумағындағы Қаратау тауының баурайында қар мол түсті. Бір күнде 10 сағаттың ішінде 70%, ол дегеніміз бір айлық қалыптыдан артық. Жауынның салдарынан беткейдегі қар еріп, бірнеше ауылды әбігерге салған болатын. Мұндай жағдайларда гидробекеттер жеделдетілген бақылауға көшеді. Әр 1, 2 сағат сайын судың деңгейінің көтерілуін және түсуін Төтенше жағдайлар департаментіне, селден қорғау басқармасына, әкімшіліктерге мәліметтер беріп отырады.

Жауын шашын салдарынан болатын таулы өзендер барлығы Арыс өзенінің бассейніне құяды, сондықтан таудан бастау алатын өзендерде су деңгейі көтерілген жағдайда дабылды ескерту жасалады. Ондай жағдайда ескерту халыққа алдын ала 3 тәуліктен бұрын ескертіледі. Жалпы ауа райы бойынша Қазгидромет орталығының төтенше жағдайлармен байланысы тығыз. Көктем және қыс мезгілдерінде ауаның күрт өзгеруі туралы хабарламаның 1 тәулік алдын берсе, төтенше жағдайлар 112 арқылы бүкіл облыс халқына ескертіп үлгереді.

Жалпы гидрометеорологиялық, экологиялық мониторингі жұмыстарды бүгінде филиалда 168 адам атқарып отыр.

Түркістан облыс орталығы болғалы бері өндіріс орталығы көп ашылуына байланысты 3 экологиялық бекет ашылды. Енді, кез-келген азамат Қазгидрометтің AirKZ қолданбасы арқылы атмосферадағы ауаның ластығы жайлы біліп отыра алады. Егер қолданба арқылы шектен артық лас ауа болса экологтар дер кезінде анықтап, тиісті шаралар қолданады.

Ал Шымкент қаласында 3 экологиялық пост, 4 бақылау бекеттері жұмыс жасап жатыр. Бұл жерде қызметкерлер таңғы 7-де, түскі 13:00-де, және де кешкі 19:00-де ауаны арнайы балонға толтырып, лабораториядан өткізіп отырады. Нәтижесін Қазгидромет сайтында жариялайды.

Астана қаласында 2022 жыл және 2023 жылдың бірінші жарты жылдығында атқарылған жұмыстарға есеп берілді. Жаңа құрылғылар басшылыққа ұсынылды. Атқарылатын жұмыстар өте көп.

Қазіргі уақытта Қазгидрометте қызмет атқарып жатқан жастар Әл-Фараби университеті география факультетінен, гидрология метеорология саласы бойынша оқуын аяқтаған мамандар. Алғашқы кезде орын болмаса оларды жастар бағдарламасымен жарты жыл тәжірибе алмасып отырады, кейіннен зейнетке шыққан немесе тағы да басқа қызметкерлердің орнына жұмыс істей алады. Бұл дегеніміз жастарды өз мамандықтары бойынша жұмыспен қамтамасыз ету.

Жалпы, Қазақстан Республикасының Ұлттық гидрометеорологиялық қызметі 1922 жылдың қаңтар айында құрылған. ҚР Үкіметінің 1999 жылғы 2 наурыздағы № 185 қаулысымен «Қазгидромет» республикалық мемлекеттік кәсіпорны (РМК) мәртебесі берілді. Бүгінде бұл Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің ірі ғылыми-өндірістік кәсіпорны.

«Қазгидромет» РМК-да Қазақстан Республикасының әр облысында 15 филиал бар, жалпы штат саны 3 мыңнан астам адам.

Кәсіпорын қызметінің мақсаты — сенімді гидрометеорологиялық ақпарат алу, гидрометеорологиялық және агрометеорологиялық болжамдар мен қоршаған ортаның жай-күйі туралы ақпараттың сапасын арттыру, мемлекеттік бақылау желісінде жүйелік бақылау жүргізу кезінде алынған деректерді жинау және қорыту болып табылады.

**Ұлжан НАУШАБАЕВА.**

## Қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару қызметін көрсетуге арналған жария шарты

Шымкент қ. «____» _______ 2023 жыл

«JASYL ONIR» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, бұдан әрі қарай «Қызмет көрсетуші» деп аталатын Жарғы негізінде әрекет етуші, директор тұлғасындағы Бекмурзаев Н. бір тараптан және тұрғын үйдің Меншік иеленушісі/Жалға алушысы (тұрақты тұруға арналған және қолданыстағы жеке тұрғын үй, пәтер, жатақханадағы бөлме), бұдан әрі қарай «Тұтынушы» деп аталатын, екінші тараптан, әр қарай — «Қызмет көрсетуші» және «Тұтынушы» жеке «Тарап», ал бірлесіп — «Тараптар» деп аталады. Қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару қызметіне төмендегідей осы жария шартты жасасты (әр қарай — «Шарт»):

Шартта қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) «Қатты тұрмыстық қалдықтар» - «ҚТҚ» (қатты формадағы коммуналдық қалдықтар);

2) «Коммуналдық қалдықтар» — тұрғын елді мекендерінде, соның ішінде адамның тіршілік әрекеті нәтижесінде пайда болатын тұтыну қалдықтары, оларға құрамы мен пайда болу сипаты бойынша жақын, өндіріс қалдықтары;

3) «Сұйық қалдықтар» — сұйық формадағы кез келген қалдықтар;

4) «Ірі габаритті қоқыс» — өз тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқан және өз көлемдері бойынша арнайы қоқыс жинау машиналарымен тасымалдау мүмкіндігі болмайтын, тұтыну мен шаруашылық қызметтің қалдықтары (тұрмыстық техника, жиһаз және т.б.);

5) «Қоқыс шығарушы ұйым» — коммуналдық қалдықтарды мамандандырылған көлікпен шығарылуын жүзеге асыратын ұйым;

6) «Құрылыс қоқысы» — ғимараттарды немесе құрылыстарды, не бөлек конструкторлық элементтерді бөлшектеу (демонтаждау) процесінде, сондай-ақ құрылыс монтаждау және жөндеу құрылыс жұмыстарын орындау кезінде пайда болған қоқыс;

7) «Тариф» — ҚТҚ 1 текше метрін (м3) қайта өңдеу, орналастыру, (көму), оларды қаттау орындарынан қалдықтарды сақтау пункттеріне шығарудың құны;

8) «ҚТҚ шығару» қызметіне төлеу көлемі — әрекет етуші Тарифке сәйкес Шымкент қаласы бойынша ҚТҚ жинау нормаларына белгіленген және белгіленген тәртіпте өкілетті органымен бекітілген қызметі төлемінің құны.

1. Шарттың мәні

1.1. Осы шарттың мәні Қызмет көрсетушінің ҚТҚ жинауға арналған орындарынан оларды шығару бойынша өтемді қызметтердің көрсетілуі ( бұдан әрі қарай — «Қызметтер») және Тұтынушының аталған Қызметтерге Шарттың талапатарына сәйкес төлем жасауы болып табылады.

1.2. Қызмет көрсетуші, қоқыс шығарушы ұйым бола келе, өкілетті органдарымен бекітілген учаскелерде Тұтынушыға Қызметтерді көрсетеді.

1.3. Қызмет көрсетушімен қызмет көрсетілетін аумақтың шекаралары осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын, № 1 қосымшасында көрсетіледі.

Тұтынушының құқығы мен міндеттері

2.1. Тұтынушы құқылы:

2.1.1. Бекітілген кестелерге сәйкес ҚТҚ уақытылы шығарылуына;

2.1.2. Тарифтерді және қызметтерге төлеу мөлшерін қолдану туралы ақпарат алуға;

2.1.3. Шартта белгіленген мерзімде (Шарттың 3.2.6.т) Қызметтерді көрсетуде Қызмет көрсетушімен анықталған кемшіліктерді жоюға;

2.1.4. Қазақстан Республикасының әрекет етуші заңнамасымен анықталатын, көлемі мен тәртібінде Қызмет көрсетушінің кінәсінен Қызмет көрсетудегі кемшіліктер салдарынан денсаулығына және/немесе мүлкіне келтірілген шығындар мен зиянды толық көлемде өтеуге;

2.1.5. Оның құқығы бұзылған жағдайда Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасына сәйкес сот арқылы қорғануына.

2.1.6. Кондоминиумды басқару органына Шартты жасау бойынша өзінің барлық өкітеттілігін табыстайды;

2.1.7. Қызметті тұтыну бойынша жеке шарттар жасауға;

2.1.8. Тұтынушы Шартты бұзып, басқа қызмет көрсетушімен шарт жасасуға құқылы. Сонымен қатар, көп қабатты үйлерде қызмет көрсету шарттын бұзу үшін, пәтер иелерінің үштен екісінің келісімі болуы қажет;

2.2. Тұтынушы міндетті:

2.2.1. ҚТҚ шығару бойынша Қызмет көрсетушінің қызметтерін осы шартта белгіленген мерзімде және толық көлемде төлеуге;

2.2.2. Ондағы пайда болған қалдықтарды уақытша сақтау орындарында белгіленген орындарда қаттап жинау (жоюдың контейнерлік жүйесі болғанда) немесе өз ыдысында (сыйымдылығында) арнайы белгіленген орындарда қоқыс жинау көлігіне тиеу (жоюдың ыдыссыз жүйесі кезінде);

2.2.3. Сұйық қалдықтардың төгуін, құрылыс қоқысын, топырақ, ірі габаритті жүктерді, металл сынығын, ағаштар кесіктерін, , бұталарды, жапырақтарды, бұтақтарды қоқыс жинағышқа тасталуын болдырмау;

2.2.4. Құрылыс қоқысын, топырақты, ірі габаритті қоқысты, металл сынығын, ағаш кесіктерін, жапырақтар, бұтақтарды, қазандықтардан шыққан қоқыс, пештердің күлін контейнерлердің қасында, бөлек контейнерлік алаңда (жабдықталған тұрғын үй секторы үшін) немесе үй жанындағы аумақта (жеке тұрғын үй секторы үшін) әрі қарай шығару үшін Шарттың 2.2.5.т. сәйкес;

2.2.5. Қоқыс шығаратын ұйымына құрылыс қоқысын, ірі габаритті қоқысты, металл сынығын, ағаш кесіктерін, жапырақтар, бұтақтар, топырақты шығарғаны үшін келісілген баға бойынша қосымша төлеу;

2.2.6. ҚТҚ және басқа қоқыстардың ол үшін белгіленбеген орындарда (контейнерлік алаңдардан басқа) қаттап сақталуына, сондай-ақ контейнерлерде, аулаларда, көшелерде оларды жерге көмуге, жағуға жол бермеу;

2.2.7. Тұрмыстық қалдықтарды шығарудың ыдыссыз әдісінде ҚТҚ бар сыйымдылықтарды кестеге сәйкес мамандандырылған техниканың келуіне дейін шығару;

2.2.8. Сақталуды қамтамасыз ету мақсатында қоқыс жинағыштарға және контейнерлік алаңдарға ұқыпты қарау;

2.2.9. Жылжымайтын мүлікпен азаматтық құқықтық мәмілелер жасайтын жағдайында оның алып отырған тұрғын үй- жайынан шыққанша дейін Қызмет көрсетушімен толық өзара есеп айырысу жүргізу;

2.2.10. Қазақстан Республикасының әрекет етуші заңнамасында және осы Шартта көзделген өзге міндеттемелерді орындау.

2.3. Қызмет көрсетуші құқылы:

2.3.1. Тұтынушыдан уақытылы және толық көлемде Қызметтер үшін төлем алуға және төлеу мерзімдерін бұзған жағдайда Шартта қарастырылған шараларды қолдану;

2.3.2. Тұтынушыға Шарт бойынша көрсетілген Қызметтерге Қызмет көрсетуші өз мүліктік мүдделерін қорғау үшін Тұтынушыдан қарыз сомасы мен есептелген айыппұл санкцияларын мәжбүрлі өтеу арқылы.

2.4. Қызмет көрсетуші міндетті:

2.4.1. Мемлекеттік санитариялық эпидемиологиялық қадағалау басқармасымен келісілген өзіне бекітілген учаскелерді Қзақстан Республикасының нормативтік актілеріне сәйкес ҚТҚ жоспарлы-реттік тазартуын кестеге сәйкес жүргізуге;

2.4.2. Контейнерден қоқыс тасушыға тиеу кезінде төгілген қоқысты жинауды жүргізу;

2.4.3. Қозғалыс схемасына және өзгерген пайдалану жағдайларына сәйкес маршруттық кестелерді құру және түзетуге;

2.4.4. Контейнерлерді сақтау мақсатында ҚТҚ тиеу кезінде жабдықтарға ұқыптылықпен қарау;

2.4.5. Тұтынушыға ҚТҚ шығару үшін төлем жасау үшін төлеу құжаттарын ағымдағы айдың 15-не дейін ұсыну;

2.4.6. Көрсетілетін Қызметтердің көлемі мен сапасына негізделген талаптарды алған кезде 24 сағат ішінде Тұтынушының талаптарын қанағаттандыру;

2.4.7. Тұтынушыны ҚТҚ шығаруға Қызметтер мен тарифтердің өзгеруі, сондай ақ ҚТҚ шығару шарттарының өзгеруі жөнінде оларды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау жолымен енгізгенге дейін 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей ақпараттандыру;

2.4.8. 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес Тұтынушының дербес деректерін қорғау бойынша қажетті шаралар қабылдауға;

2.4.9. Қазақстан Республикасының әрекет етуші заңнамасында және осы шартта көзделген басқа міндеттемелерді орындауға.

3. Есеп айырысу және қызметтер үшін төлеу тәртібі

3.1. ҚТҚ көлемін есептеу үшін Шымкент қаласының Маслихатымен белгіленген тәртіпте бекітілген, қалдықтардың пайда болу көздерінде пайда болу нормалары қолданылады.

3.2. ҚТҚ шығару қызметтеріне тарифтер Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерімен, сондай-ақ Қызмет көрсетушімен белгіленген Тарифтерінде бекітілген тәртібі мен мерзімінде белгіленеді және өзгертіледі.

3.3. Тұтынушы, көрсетілген қызметтерге үй жайда (пәтерде, үйде) нақты тұрып жатқан адамдар санын бір адамға ҚТҚ шығару үшін бекітілген төлемді көбейту арқылы есептейді.

3.4. ҚТҚ шығару үшін төлем Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м. а. 2020 жылғы 29 сәуірдегі № 249 бұйрығымен бекітілген Коммуналдық қызметтер тізбесі және коммуналдық қызметтерді көрсетудің үлгілік қағидаларына сәйкес жасалады.

3.5. Тұтынушы төлемді есептік айдан кейінгі айдың 25 күнінен кешіктірмей жасауы тиіс.

3.6. Тұтынушының және/немесе онымен бірге тұрып жатқан тұлғалардың уақытша болмауы жағдайында, оның/олардың болмаған кезіндегі мерзіміне арыз және растау құжатын ұсыну шартымен, Қызметтер үшін төлем алынбайды.

3.7. Тұтынушы тұратын мекенжай немесе қала сыртына шығуға 5 күннен кем емес уақытта алдын ала өтініш беру арқылы (емдеу мекемесінен анықтама, жұмыс орнынан санаторийге жолдаманың түбіртегі, тіркелген жері бойынша уақытша тұру үшін ақы төлегені туралы түбіртек қонақ үйде тұру және т. б. анықтама) құжаттарды табыс етуге міндетті. тініште көрсетілген күннен бастап есептеу қызметтері үшін төлем және мерзімі көрсетілген күннен бастап тоқтатыла тұрады.

30 күнтізбелік күннен кешіктірмей Тұтынушы келген сәттен бастап, келгендігі жөнінде тиісті растайтын құжаттарды беруге табыс етуге міндетті. Жоғарыда көрсетілген құжаттардың ұсынылмаған жағдайда қызмет үшін ақы төлеу өтініш берілген 1 күннен бастап қайта есептелінеді.

3.8. Төлемді қайта есептеуге әкелетін барлық өзгерістер, Тұтынушының арызы негізінде жүзеге асырылады.

4. Қызмет көрсетуші азаматтардың жекелеген санаттарына ҚТҚ шығару қызметтері үшін төлем бойынша берілетін жеңілдіктер

4.1. Әлеуметтік тұрғыдан осал азаматтарға коммуналдық қызметтер үшін төлемдерге қатысты көмек көрсету және ҰОС мүгедектері мен ардагерлеріне қайырымдылық әлеуметтік көмек көрсету мақсатында және «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16 бабы негізінде Қызмет көрсетуші ҚТҚ шығару үшін қызметтерге төлем бойынша келесі мөлшерде жеңілдіктерді ұсынады:

- ҰОС ардагерлері және оларға теңестірілген адамдар — 100% (қызметтер тегін көрсетіледі);

- жасы 80-нен жоғары — 100% (қызметтер тегін көрсетіледі);

- 1, 2, 3 топ мүгедектеріне — әрекет етуші тарифтен 50%;

4.2. Қызмет көрсетушілер есебінен жеңілдіктер растау құжаттары негізінде және арызды беру кезінен бастап ұсынылады.

5. Тараптардың жауапкершілігі

5.1. Қызмет көрсетуші және Тұтынушы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікті тартады.

5.2. Қызметтер үшін уақытылы емес төлеген кезде Тұтынушы Қызмет көрсетушіге өсімақы төлейді. ҚТҚ шығару қызметтері үшін төленбеген есептелген сома үшін өсімақы есептік айдан кейінгі айдың 26-сы күнінен бастап, әр кешіктірген күні үшін Қызмет сомасынан 0,1% мөлшерінде есептеледі.

5.3. сімақыны есептеу кезінде есептік айда жасалған барлық төлемдер мен түзетулер ескеріледі.

5.4. Айыппұл санкцияларын төлеу Тараптарды осы шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6. Дауларды қарастыру тәртібі

6.1. Тараптар әрекет етуші заңнамаға сәйкес бекітілетін ҚТҚ шығару мен жинау нормалары бойынша қызметтерді ұсыну қағидаларының, тарифтердің өзгеруі Шарт талаптарын өзгерту үшін негіз болып табылатынын мойындайды.

6.2. Шарт бойынша даулар туындаған жағдайда тараптар оларды сотқа дейінгі реттеу үшін қажетті шараларды қабылдауға міндеттеледі.

6.3. Туындаған даулар бойынша келісімге келе алмаған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпте қарастыруға жатады.

6.4. Қызметті ала алмаған жағдайда, сапасы тиісті емес қызметті алуы немесе толық емес көлемде алған кезде Тұтынушы ол туралы Қызмет көрсетушіні міндетті түрде жасалған күні мен уақытын және арызды берген және қабылдаған тұлғаның тегі көрсетілген, жеке (тапсырыспен) немесе телефонограммамен ескертуі тиіс. Телефонограммада көрсетілетіні: қызмет сапасының нашарлауының (болмауының) басталу уақыты, нашарлау сипаты және Қызмет беруші өкілінің қатысу қажеттілігі (егер қызмет сапасының нашарлауы немесе оның тоқтатылуы Қызмет берушімен журналда тіркелмесе). Тұтынушының жеке жүгінуі кезінде тапсырыстың көшірмесі болуы тиіс, онда түсуін тіркеу нөмірі, тапсырысты беру күні мен уақыты, оны қабылдаған Қызмет беруші өкілінің қолы қойылады. Қызмет беруші қызметтің тапсырыста (телефонограммада) көрсетілген нормадан сапасының ауытқуы (үзілісі) туралы белгілерін тексереді және келіспеушіліктер болмаған жағдайда қызметтің нақты тұтынуына сәйкес оның құнын қайта есептеуді орындайды.

6.5. Қызмет көрсетушінің қызметті ұсынбау немесе сапасы төмен қызмет көрсету дерегін растаудан бас тартқан кезде Тұтынушы келесі жайттар көрсетілген, жазбаша арыз жазуға құқылы:

1) қызмет көрсетуден бас тартудың немесе оның сапасыз жеткізілуінің басталу уақыты;

2) қызмет сапасының нашарлау сипаты;

3) тапсырысты беру уақыты және оның тіркеу нөмірі (Қызмет көрсетушінің журналы бойынша);

4) қызмет көрсетуді қайта бастау уақыты (оның сапасының қалыпқа келуі);

5) қызметтің болмаған (сапасының нашарлау) кезеңі.

Актке Тұтынушы, үй жайлардың (үйлердің) меншіктенушілер кооперативінің өкілетті мүшесі, қызмет көрсететін ұйым немесе екі тәуелсіз куә қол қояды және Қызмет көрсетушіге жолданады. Дауды реттей алмаған жағдайда тараптар келісімі бойынша 10-күндік мерзімде Тұтынушы талапты сотқа жібереді.

6.6. Шарт арқылы реттелмеген мәселелер, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі ережелеріне және Қазақстан Республикасының басқа нормативтік актілеріне сәйкес қарастырылады.

7. Шарттың әрекет ету мерзімі

7.1. Шарт оның бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау күнінен бастап күшіне енеді.

7.2. Шарт белгісіз мерзімге жасалған болып есептеледі.

8. Форс-мажор мән-жайлары

8.1. Тараптар Шарт жасасқан соң кейін туындаған және Тараптар оларды болжай алмайтын, не дұрыс тәсілдермен болдырмайтындай, еңсерілмейтін күші бар мән - жайлардың әрекет ету салдарынан (апаттық құбылыстар, апаттар, төтенше жағдай тәртібін енгізу және т.б., әрі қарай — «Форс-мажор») Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамау немесе тиісті орындамауы үшін жауапкершіліктен босатылады.

8.2. Форс-мажор мән-жайларының басталуы кезінде Тараптар Форс-мажор мән жайларының әрекетіне түскен Тарап Форс-мажор мән-жайларының басталуы туралы басқа Тарапты дереу хабардар еткен және олардың әрекет етуін тоқтату кезінде Шарт талаптарын қайта басталуы жағдайда, шарт талаптарын орындамағаны үшін материалдық жауапкершіліктен босатылады.

8.3. Форс-мажор мән-жайлары Қазақстан Республикасының сауда өнеркәсіптік палатасымен куәландырылуы тиіс.

9. Жалпы ережелер

9.1. Осы Шарт жариялы болып табылады (Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 387 бабы).

9.2.Осы шарттың күшіне енуі Тараптардың оны қабылдауға дейінгі туындаған өзара міндеттемелерінен орындаудан босатпайды.

9.3. Егер, Шарт жобасын жариялған отыз күн ішінде Тұтынушы Қызмет көрсетушіге ешқандай келіспеушілік туралы хаттама жібермесе, Шарт қол қойылған болып есептелінеді. Сонымен бірге, Шарт жасалған болып есептеледі, егер Тұтынушы конклюденттік әрекеттер жасаса, яғни Шарт жасасуға ыңғай білдіретін әрекеттер жасаса. Мысалы, тұтынушы төлемдерді төлеп отырса, немесе нақты төлемнен тәуелсіз нақты қызметті қолданып (тұтынып) отырса.

Егер, Тұтынушы, Шарт жобасын алып, келіспейтін хаттамасын жіберген жағдайда, Шарт тараптар ескертулерін келісу арқылы жасалады, немесе пікірталас болғанда Шартты сот арқылы тікірталас жағдайын анықтау арқылы жасасады.

Төлем ақы жүргізген күннен бастап

10. Тараптардың реквизиттері

Орындаушы: "Jasyl Onir" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі г.Шымкент, Жилой массив НУРСАТ, 95, 137 БСН/ЖСН 210140014294 БСК TSESKZKA ЖСК KZ24998STB0001601581 "First Heartland Jusan Bank" акционерлік қоғамы

Тел.: +77013946499

Директор Бекмурзаев Нурмаханбет Нуриддинович

Тұтынушы: тұрғын үйдің Меншік иеленуішісі/Жалға алушысы (тұрақты тұруға арналған және қолданыстағы жеке тұрғын үй, пәтер, жатақханадағы бөлме).

**Ақтау қаласы және қаламаңындағы елді -мекендер аумағына ҚТҚ шығаруға арналған тізбесі**

**Мирас м/а Азат м/а**

**Туран ауданының жеке секторлары**

## Публичный договор на вывоз твёрдых бытовых отходов

г.Шымкент «___» __________ 2023 года

Товарищество с ограниченной ответственностью «JASYL ONIR», именуемое в дальнейшем «Услугодатель», в лице директора Бекмурзаева Н. действующего на основании Устава, с одной стороны, и Собственник /Наниматель жилища (индивидуальный жилой дом, квартира, комната в общежитии, предназначенная и используемая для постоянного проживания), именуемый в дальнейшем «Потребитель», с другой стороны, далее — «Услугодатель» и «Потребитель» по отдельности именуются как «Сторона», а совместно — как «Стороны», заключили настоящий публичный Договор на вывоз твердых бытовых отходов (далее — «Договор») о нижеследующем:

Основные понятия, используемые в Договоре:

1) «Твердые бытовые отходы» - «ТБО» (коммунальные отходы в твердой форме);

2) «Коммунальные отходы» — отходы потребления, образующиеся в населенных пунктах, в том числе в результате жизнедеятельности человека, а также отходы производства, близкие к ним по составу и характеру образования;

3) «Жидкие отходы» — любые отходы в жидкой форме;

4) «Крупногабаритный мусор» — отходы потребления и хозяйственной деятельности (бытовая техника, мебель и др.), утратившие свои потребительские свойства и по своим размерам исключающие возможность транспортировки специальными мусороуборочными машинами;

5) «Мусоровывозящая организация» — организация, осуществляющая вывоз коммунальных отходов специализированным транспортом;

6) «Строительный мусор» — мусор, образовавшийся в процессе разборки (демонтажа) зданий или сооружений или отдельных конструкторских элементов, а также при выполнении строительно-монтажных и ремонтно-строительных работ;

7) «Тариф» — стоимость вывоза 1 кубического метра (м3) ТБО на пункты переработки, размещения (захоронения), хранения отходов с мест их складирования;

8) «Размер оплаты услуги «Вывоз ТБО» — стоимость оплаты услуги, установленная в соответствии с действующим Тарифом и утвержденными в установленном порядке уполномоченным органом нормами накопления ТБО по городу Шымкент.

1.Предмет Договора

1.1. Предметом настоящего Договора является оказание Услугодателем возмездных услуг по вывозу ТБО (далее — «Услуги») из мест, отведенных для их накопления, и оплата Потребителем указанных Услуг в соответствии с условиями Договора.

1.2. Услугодатель, являясь мусоровывозящей организацией, оказывает Услуги Потребителю на участках, закрепленных за ним.

1.3. Границы участков обслуживаемой Услугодателем территории указываются в Приложении № 1, которое является неотъемлемой частью настоящего Договора.

2. Права и обязанности Потребителя

2.1. Потребитель имеет право:

2.1.1. На своевременный вывоз ТБО согласно утвержденным графикам;

2.1.2. На получение информации о применении Тарифов и Размера оплаты Услуг;

2.1.3. На устранение Услугодателем выявленных недостатков в предоставлении Услуг в установленные в Договоре сроки (п. 3.2.6. Договора);

2.1.4. На возмещение убытков и вреда здоровью и/или имуществу, причиненных по вине Услугодателя вследствие оказания Услугодателем Услуг ненадлежащего качества, в размере и порядке, определяемом в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан;

2.1.5. На судебную защиту в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан в случае нарушения его прав.

2.1.6. Делегировать свои полномочия по заключению Договора органу управления кондоминиума.

